

ӘОЖ 070

«Қазақ тілі» газетіндегі тақырыптық ізденіс

Аманқос Мектептегі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Мөлдір Кенжебаева, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика
факультеті, Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының магистранты

Автор бұл мақаласында 1919-1928 жылдар аралығында Семей өңірінде шыққан, сөйтіп бүкіл қазақ жері, қала берді Моңғолияның бір бөлігіне тараған «Қазақ тілі» газеті жайлы, ондағы авторлардың тақырыптық ізденісі туралы сөз етеді. «Қазақ тілінде» тұрақты көтерілген тақырыптар жетерлік. Мәселен, қазақ тілінің мәселесі, оны іске асыру, оқу-ағарту ісі, денсаулық жайы, әйел теңсіздігі, жастар мәселесі, ауыл шаруашылығын қалпына келтіру, ірі өнеркәсіпті дамыту сияқты ірі мәселелер қозғалды. Газетте ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудағы халық сауатын ашу, халықты ілім-білім мәдениет жолына түсіру, ұлт мектебі арқылы жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру сынды маңызды міндеттер көтерілді. Сондай-ақ білім, ғылым жаңалықтарын жеткізіп, қазақ ағартушыларының озық ойларын халық арасына насихаттап отырды.

Түйін сөз: «Қазақ тілі» газеті, ұлттық тәрбие, ұлт мектебі.

Amankos Mekteptegi, Moldir Kenjebayeva
Subject newspaper «Kazakh language»

The author writes in his article about the newspaper «Kazakh tili», released in the years 1919-1928 in Semey, so effused entire Kazakh land, and part of Mongolia, a thematic blog of the newspaper. In the «Kazakh tili» enough to those who are constantly raised by the authors diligently. For example, the problem of the Kazakh language, its implementation, training and educational matter, a matter of health, inequality of women in society, the issue of young people, the restoration of the rural economy, the movement of big industry, etc. The paper raised important issues such as the formation of literacy of the people in the impact of the national knowledge through a national school to give the young generation of national education. And also to deliver the news about the school, about science, and to promote progressive thinking to the people of the Kazakh educators.

Keywords: The newspaper «Kazakh language», national education, national school.

Аманқос Мектептегі, Молдир Кенжебаева
Тематика газеті «Қазақ тілі»

Автор в своей статье пишет о газете «Қазақ тілі», вышедшей в 1919-1928 годах в Семее, таким образом распространявшийся всей казахской земле, и частью Монголии, о тематическом блоге газеты. В «Қазақ тілі» достаточно тем, которые постоянно усердно поднимались авторами. Например, проблема казахского языка, его осуществления, учебно-просветительское дело, вопрос здоровья, неравенство женщин в обществе, вопрос молодежи, восстановление сельского хозяйства, движение крупной промышленности, и т.п. В газете поднимались такие важные вопросы как, формирование грамотность народа в системе отдачи национальногнания, через национальную школу дать молодому поколению национальное воспитание. А также доставить новости об учебе, о науке, и пропагандировать народу прогрессивные мысли казахских просветителей.

Ключевые слова: Газета «Қазақ тілі», национальное воспитание, национальная школа.

Қазақ журналистикасының, оның ішінде баспасөзінің тарихында қаншама дәуір өтсе де, қаны жерге тамбайтын құнды басылымдар баршылық. Соның бірі – «Қазақ тілі» (1919-1928 ж.ж.) газеті. Аты да, заты да дана халқымыздың тіліндей нәрлі, құнарлы басылым. Негізінен алғанда «Қазақ тілі» газеті өзінің баспасөздік қызметі тарихында елдегі қоғамдық-саяси өзгерістерге байланысты атауын бірнеше рет ауыстырды. Басылым 1919 жылдың 4 желтоқсанынан «Қазақ тілі» деген атпен шығып келсе, кейінгі жылдары «Жаңа ауыл», «Қызыл дала», «Социалды Шығыс», «Екпінді», «Семей правдасы», «Ертіс», ал соңғы 1944 жылдан «Семей таңы» деген атпен жарияланып келеді.

XX ғасыр басында Семей аймағында жарық көріп, мүмкіндігінше бүкіл қазақ жеріне тараған кеңестік басылым «Қазақ тілі» газетінің атқарған қызметін саралап, оған қазіргі заман талабы тұрғысынан баға беру аса маңызға ие. Міне, осы мақсатты іске асыру талабына орай қазақ баспасөзінің даму тарихында өзіндік орын алатын газеттің атқарған қызметін ғылыми тұрғыдан бағалап, зерттеуге назар аударып отырмыз.

...1919 жылдың желтоқсан айының алғашқы таңы атар алдында жергілікті большевиктердің бастауымен қала жұмысшылары қолдарына қару алып, азаттық үшін айқасқа көтерілді. Сібірден ақтарды өкшелей қуған қызыл гвардия бұл уақытта Семейге тақап қалған-ды. Оның үстіне жергілікті гарнизон солдаттары көтерілісшілерге келіп қосылды. Осынау ең соңғы тірегінен айырылған билеуші тап халық қаһарына төтеп бере алмады, осындай қаһармандықпен өкімет билігін өз қолына алған халыққа қазақ тілінде шығатын газет керек болды. «Қазақ тілі» әскери-революциялық комитеттің алғашқы шешімі бойынша дүниеге келіп, оның алғашқы нөмірі осындай аласапыран күндердің бірінде, 1919 жылдың 4 декабрінде жарыққа шықты. Ол ғасырлар бойы ат төбеліндей ғана билеуші таптың үстемдігін қызғыштай қорып келген патшаның да, буржуазиялық-помещиктің мемлекеттің де Ұлы Октябрь күлін көкке ұшырғанын, езілген еңбекші қауымға бостандық, теңдік әкелгенін, Совет өкіметі еңбекші бұқараның өкіметі екенін, ол еңбекшінің сөзін сөйлеп, мүддесін көздейтінін жар сала келді.

Қазақ кедейлерін азаттық үшін шайқасқа

көтерген «Қазақ тіліне» арнаған өлеңінде ақын Қашаф Туғанбаев:

Отты жылда, шайқаста туған,
Таптық күрес, айқаста туған.
Еңбекші қазақтың тілі боп шыққан,
Лениндік шындықтың үні боп шыққан, -

деп тебіренеді.

Газеттің тұңғыш редакторы Мәннан Тұрғанбаев болды. Оған революциялық өзгерістердің жасампаздығын жіті тани білген Шаймардан Токжігітов ұзақ уақыт басшылық жасады. Қазақтың маңдайына біткен мақтанышындай екі алыбы Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов осында қызмет атқарды.

Революцияға дейін – 1914 жылы Семейде Абай кешін өткізген, сол арқылы өз халқының сөз құдыретін паш еткен, қазақ өнерінің қамқоры атанған Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтар, 1912 жылдан лениндік «Правданың» кенді Алтай өңіріндегі тілшісі болып келген Жұбандық Болғанбаев қазақ газетінің қабырғасы қатайып, бұғанасы бекуіне белсене ат салысады. Ал көмейінен сөз, көкірегінен ой құйылған Сәбит Дөнентаев, Ілияс Молдажановтай таланттар «Қазақ тіліне» келіп, газет жұмысының ыстығы мен суығын бірге бөлісті.

Сондай-ақ сол кезде Семейде қызмет істеген Нығмет Нұрмақов, Әбілқайыр Досов, Абдолла Ярмұхамедов, Әбікей және Қаныш Сәтбаевтар, Мәншүктің әкесі, ақын Ахмет Мәметов уақыт тынысынан туған келелі тақырыптарға жүйелі қалам тартып тұрды[1].

Тақырыптың шеңберінде біз «Қазақ тілінің» Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағатының, сондай-ақ Ұлттық кітапханасының және Мемлекеттік ғылыми кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақтаулы барлық нөмірін қолға ұстап, әр парағын ақтарып, ондағы араб әліпбиіне негізделген төте жазумен жазылған материалдарды кирилл қарпіне түсірдік. Аталған бөлімдерде тарихи құнды басылымның 1920 жылғы №62, 63, 97, 98, 112; 1921 жылғы №119,122,130,132-134,136,137, 148-150; 1923 жылғы №125; 1924 жылғы №1,2,4,7,8,11,12,21-29,31-39, 40-48, 51-71, 74-76, 79-86,90-94,96-98; 1925 жылғы №12; 1926 жылғы №22, 46, 49-56; 1927 жылғы №1-52; 1928 жылғы №1-11 нөмірлері сақталыпты. 1919 және 1922 жылғы сандарын, өкінішке қарай,

қолға түсіре алмадық. Тарихи құнды жәдігерлер түрлі қолдан жасалған, жасалмаған себептермен сақталмапты. Бұған дейін Р. Молдашева, Н. Сайлаубаева іспетті зерттеушілердің тарапынан газеттегі біршама материалдар ғылыми айналымға енген-ді. Алайда, ғылыми өндіріске түспеген материалдардың көп екенін көзіміз көрді. Осы орайда ғылыми ізденіс барысынан «Қазақ тілі» газетіндегі тақырыптық ізденістің сан қырлы әрі мазмұнды екенін айрықша атап өткіміз келеді.

М. Әуезов Мұхтар деп өз қолтаңбасын қалдырып, қалам тербеген «Бұл күнгі зор міндет» мақаласында: «... арысы жалпақ елдің, берісі ел ішіндегі көзі қарақты жігіттердің істеуін күтіп, иесіз тұрған қызмет көп. Қазіргідей шаруа жөні күзеулік болып елдің қоғамда көп тілегі орындалуға жол болмай тұрғанында елдің қамын шын жейтін азаматтар мың тілектің бірі орындалатын болса да, соған еңбегін салмаушы ма еді? Төстабандап тартып соңында болса жемісін талған елге жегізем демеуші ме еді?! Менікі сондай мың тілектің жарым жартысы болғандай, ел өміріне өте қажет істердің бірталайын істеуге осы күнде кең орын ашық жолдар бар. Бойына азын аулақ шыдам жеп, аз ғана еңбек қылса, көркейіп кеткелі тұрған істер көп. Ол істердің бірі деп менің айтатыным, оқу жұмысы», -деп бірталай жылдардан бері қарай қазақ оқығандары қалада тұрып, бас қосып елді ағарту жолына қызмет қылар десе де, әлі күнге ірі қалада қазақ халқына арналып салынған бір мектеп, бір клуб жоқтығын ашына айтады. Қара бұқараны бұл тоқу, былғары илеу, шыны ыдыс-аяқ істеуді үйрететін шеберханаларға баруға шақырады [2]. Бұдан өзге «Қазақ тілінің» 1921, №150 санында оқу ісіне қатысты «Еңбекшіл көзін ашсын» деген мақала жарық көрген. Авторы – Ғұнф. Біздің пайымдауымызша, Ғұнф бүркеншігі – Мұхтар Омарханұлына тиесілі. Газетте 1921 жылдың шілдесінен 1922 жылдың қарашасына дейін редакторлық еткен Мұхтар Әуезовтің шебер жазушылық қолтаңбасы айқын аңғарылады. «Зорлықта, зомбылықта жүрген еңбекшіл халықтың күні туып, жарық дүниеге шығуға жол ашылғандығына төрт жыл толып, бесінші жылға аяқ басты. Біздің қазақ еңбекшілдері одан-бұдан хабары жоқ. Осы күні кеше көрпесінің астынан басын шығармай, «басымды шығарсам, біреу

қойып қала ма» дегендей тып-тыныш бұғып жатыр. Оның жатқанын пайдаланбаған кісі жоқ. Орыстың хатшысы да (тілмаш), милициясы да, қазақтың ескі заманнан атқа мінген мырзалары, қулары, алаяқтары да – бәрі де пайдаланады. Ұзын сөздің қысқасы, көп жеп, көп боқтап, аз жұмыс қылуға үйренбеген хайлежі таздың бәрі де қазақ еңбекшілінің надандығынан, қорқақ һәм жуастығынан пайдаланбай отырған жоқ. Осы күні ел ішінде қайда қарасаң да, қай ауылға барсаң да, сөз сөйлеген, ауыл билеген Уолисполкомдарда, ауылнай советтерде отырған, жүргеннің бәрі баяғы ескі заманды кедейді – еңбекшілді жеген, талаған, зар жылатқан» [3]. Қазақты ендігі бар күшін сол дұшпандармен алысуға, оқумен алысатын байламға, еңбекшіл жолдастарды оқуға ұмтылуға шақырады. Қылышынан қан тамған қызыл империяның заманында қазақ арасында оқыған саусақпен санарлықтай еді. Сол үшін де қарапайым қарашаға оқу, көзін ашу ауадай қажет болатын. «Қазақ тілінің» қайсыбір сандарын қолға түсіріп, ақтара қалсақ, қазақты оқуағартуға жұмылдыру мәселесі алдыңғы орында тұрғанын бірден байқаймыз. Ал «Қазақ тілінің» 1921 жылғы 7-қараша күнгі №149 нөмірінде «Октябрь төңкерісі һәм оқу» деген материал шыққан. Мақалада: «Бұрынғы жүзі қара патшалықтың оқумен дұшпан болып халықты қара ұстауы да сол оқудың елдің пікір көзін ашуынан құтқарғандығы. Ел оқыса пікір көзі ашылады, пікір көзі ашылса, патшаның істеп отырған жауыздығын көреді, жауыздықты біреудің қамын істейді. Жеке патшалықтың әмірі халықтың пікір көзі ашылуына қарай саналып тұрды. Россияға оқу тамырын жайған сайын патшаға алғы қорқыныш кірді. Оқығандар қанша қырылып, неше түрлі азапты көріп жүрсе де, осы төңкерістің тууына жол ашты; жұмыскер тапқа басшылық істеді» [4], - деп Қазан төңкерісінің туу себебі, оқудың халыққа тигізер пайдасы ашып жазылған. Бұл мақаланың авторы мүлде көрсетілмеген. Мақаланың өн бойынан Мұқанның (Мұхтар Әуезовтің) қаламының иісі аңқып тұрғанын сезу қиын емес. Міне, басылымдағы оқу, еңбекші халықтың көзін ашу мақсатындағы мақалалардың бір парасы осындай. Бұлардан өзге Жүсіпбек Аймауытұлының «Оқыған әйелдің бірі», Мұхтар Әуезовтің «Оқуға ұмтылатын уақыт», Шаймардан Тоқжігітовтің

«Оқу майданы» және «Шәкірттер үміті орындалсын», сонымен қатар Сәбит Дөнентаевтың «Оқу ойыншық емес», Абзал Жиенғалиев «Халық биін қалай сынау керек» мақаласында «Ел болу үшін негізгі шарттар деп «бірінші жер, екінші оқу, үшінші сот жайын айтқым келеді» дей келе соттың қандай болуы керектігіне тоқталып, Жантілеуов Шайқы Мұсатайұлының «Ұлт мәселесі һәм губернияда оқу істері», «Оқуға күш салынсын», Құндақбайұлының «Оқып жүрген жастарға», «Қата жол», «Міндет», т.б. секілді материалдары баспа бетін көрген.

«Қазақ тілі» газетінде тұрақты көтерілген тақырыптың бірі – тіл мәселесі. «Қазақ тілі» газетіндегі тіл мәселесі жөнінде жазылған мақалаларды бірнеше тақырыпқа жіктеп, бөлуге болады. Бірінші, қазақ елінде тіл мәселесінің жағдайы; екінші ел ішіндегі мектептердегі тіл жағдайы, ондағы оқыту ісі, ана тілінде оқытатын мұғалімдердің аздығы, қазақша оқу құралының тапшылығы, үшінші бастауыш мектепті тек ана тілінде оқыту мәселесі, төртінші кеңселерде іс-қағаздың ана тілінде жүргізілуі, қазақ тілімен іс жүргізудің тәртібін білетін қызметкерлердің тапшылығы. Газет төңірегіне топтасқан қазақ зиялылары қазақ тілінің қоғамдық және әлеуметтік өмірдің барлық салаларында емін-еркін пайдаланылмай, белгілі дәрежеде шектеліп, қолданысының тарылуы – ұлттың тоқырауы мен дағдарысына әкеліп соғатындығын өткір жазды [5].

«Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 11 тамыз күнгі санында жарияланған «Қазақ тілі орнын алсын» атты мақалада қазақ тілін кеңселерде қолдану жөнінде мәселе қозғалады. Мақалада кеңселерде іс-қағаздарды қазақ тілінде жүргізудің жобалары ұсынылады. Онда қазақ тіліне қатысты 6 мәселе алдыңғы кезекке қойылады. Олар төмендегідей болды:

1. Қорғаншақтықты қойып, осы күннен барлық қазақ ұлыстың комитеттерін қазақша жаза бастау керек.

2. Уездік кеңселер салақтықты қойып, қазақ арасына жіберетін қағаздардан кісілердің мандаттарын қазақ тілінде жазу.

3. Әр үйездегі әкімшілік бөлімде елу кісілік кеңсе басқарулары курсын ашу.

4. Губерниялық әкімшілік бөлімі кеңсе жұмысын тексеретін елу кісілік нұсқаушылар (инструктор) курсін ашу.

5. Бұдан былай қазақ исполкомде орысша жазылған қағаздарды қабылдамау, мандаты қазақша жазылмаған жолаушыларды тұтқын ету. Қазақ ішіндегі судья тергеушілер қазақ тілі тұрасындағы декретті мықты ұстап, күзетші болу» [6].

Бұл мақалада кеңселерде заң бойынша ресми тіл қазақ тілі болғандықтан өз құқықтарын қолдануы және оны іске асыруда барлық қазақ азаматтарының атсалысуы қозғалады. Осыған қоса, іс-қағаздарын ана тілінде жүргізу туралы мәселе айқын жолға қойылды.

Тіл мәселесін одан ары өрбіткен «Қазақ, құқыңа ие бол!» атты мақала «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 5 қыркүйек санында жарық көреді. Мақала авторы Мәннан Тұрғанбаев тіл тағдыры – ұлтының тағдыры екеніне терең мән беріп, халқына «Қазақ тілінің кеңсеге кіруі тұрасында декрет шыққаннан бері кеңсесін қазақшаға айналдырып, тілмәштарын үйіне қайырып, мағынасы қазақша жазылмаған кісілерді ұстап әуреге салып, ат бермей жатқан қазақты көре алмай отырмыз. Бұл қалыптан арылмасаң, қазақ, сен мың жылда да ел болмассың! «Іріп-шіріп» құрсың! Қазақ! Сен ел болуды ойласаң, берілген құқыңа ие бол! Декретті бүгін естісең, ертеңінде сол жолды мықтап ұстан, ұстап қатып қал! Барлық жұмысты оқығандардан күтіп отыра берме. Азғана оқығандарын бірінші, үстіне артылған жұмыс көптігінен, екінші, сүйектеріне біткен салақтық, жалқаулықтан сендердің құқықтарыңды қолдарыңа мықтап ұстата қоймайды. Мысалға алайық, «Қазақ тілі кеңселерде қолданылсын» деген декрет шыққалы бір ай болды. Осы Семей губерниясы қазақ жұмхұриятына (Республика) бағынғанына төрт ай болды. Сол уақыттан бері әлі бір қағаз, бір мандат қазақша жазылмай отыр. Губком қазақ тілі тұрасындағы декретті бұлжытпай орындандар деп жарлық шығарып отыр. Оны да әлі қолданған жоқ. Бұл не деген ұят, бұл не деген қорлық! Қазақ! Сен құқыңа ие болатын ел болсаң, қалай істер едің! Губерниялық төңкеріс комитетінің жарлығын естіген күннің ертесінде-ақ бұрынғы тілмәштарыңды үйіне қайтарып жіберіп, қазақша хатшы алар едің. Губерна, үйез кеңселерінен орысша жазылып барған қағаздарды қазақша мағлұмат шыққан орнына қайтарып жіберер едің. Мандаты, удостоверениесі қазақша жазылмаған жолау-

шыларды мейман тоқтату етіп, шыққан жеріне қайтарар едің. Сен осыны істей бастасаң, уездік, губерниялық кеңселер еріксіз қазақша жаза бастар еді. Қазақ! Сенің енді қорқарлық орның жоқ, берілген құқыңа ие болу жолындағы істеген жұмысыңа ешбір айыпты болмайсың. Қазақ, сен сансыз көп ыза шеккен жоқ па едің? Өзің алдына хатшы болып отырған тілмашты қаладың, алым жиюға алып шыққан стражнигің орыс тілін білген соң өзіңе қожа болып алмаушы ма еді? Өзіңнің қызметкеріңнен сөз естіп, таяқ жеп отыру саған жақсы ма еді? Қазақ! Сен ашынған аю, ашулы арыстан сияқты болып тұрсаң ғана құқығыңа ие боласың!» [7] деп ұран тастап, қазақ тілі турасында шығарылған декреттер қазақтың неше жылдан бері арман қылып жүрген құқығы болғанымен қазақ тілінің жүзеге асуы қазақ халқының берілген құқыққа ие болуына байлаулы екенін ашық айтады.

«Қазақ тілі» газетінде тіл мәселесін көтерген «Қазақ тілі жүзеге асады», «Қазақша машиналар алынсын», «Қазақ тілі» газетін алушыларға «Қазақ тілін іске асыру», «Тағы да қазақ тілі тақырыбы», «Қазақ тілін жүзеге шығаратын комиссияның міндеті», «Қазақ тілінің жауы», «Жүзеге асыр тілінді» тағы басқа тақырыптардағы бас мақала, өлең, жариялама еңбектер көптеп кездеседі.

Қазақтың кеңестік ұлттық мемлекеттілігінің жариялануы қазақ халқы үшін тарихи маңызы зор оқиға болды. Ұлттық қайта өрлеу жолындағы алғашқы қадамын қуаттап-қолдаған, талап-тілектер білдірген мақалалар «Қазақ тілі» газетінде көптеп басылды. Атап айтқанда, «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 5 ақпан күнгі санында М.Әуезовтың «Не себептен», «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 8 наурыз күнгі санында «Орынбор хабарлары» бас мақала, «Қазақ тілі» газетінің 15 маусым күнгі санында «Құтты болсын қазақ автономиясы» бас мақала, «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 5 қыркүйек күнгі санында Мәннан Тұрғанбаевтың «Қазақ, құқыңа ие бол!», «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 27 тамыз күнгі санында «Қазақ жері» бас мақала, «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 13 желтоқсан күнгі санында Ғарифолла Мусиннің «Надан кісі соқырдан жаман», «Қазақ тілі» газетінің 1921 жылғы 12 мамыр күнгі санында Нығмет Нұрмақовтың «Қазақ есінде болсын», «Қазақ тілі» газетінің 1922 жылғы 19

қыркүйек күнгі санында «Жастарға», «Қазақ тілі» газетінің 1922 жылғы 20 мамыр күнгі санында «Еңбекшіл қазақ халқына», «Қазақ тілі» газетінің 1923 жылғы 30 тамыз күнгі санында Жанәбіл Найманқожаұлының «Жерге орнықтыру керек», «Қазақ тілі» газетінің 1924 жылғы 18 қазан күнгі санында «Жер дауы (туралы)» сынды бас мақалалар жарияланды.

«Қазақ тілі» газеті төңірегіне топтасқан қазақ зиялылары сол кездегі саяси-әлеуметтік мәселенің ең бастысы – жер мәселесі екенін жақсы түсінді. Мұны олар шиеленіскен жер мәселесін шешуге арналған маңызды мақалалары барысында батыл көтере біледі. Басылымда жер мәселесін көтерген «Қазақ жері», «Әзір тұру керек», «Жерге орнықтыру керек», «Қазақстандағы жер бөлімі екпінді жұмыс істей бастады», «Қазақты жерге орналастыру туралы» деген мақалалардың жарық көруі осының айғағы.

Ел ішіндегі маңызды жұмыстың бірі денсаулық қорғау ісін жүргізуде «Қазақ тілі» газеті өте үлкен орын беріп «Денсаулық жайынан» атты айдармен үнемі мақалалар жариялап тұрған. Атап айтсақ, «Қазақ арасындағы денсаулық қорғау жұмысы», «Денсаулық ағарту жолында игілікті іс», «Кеңес үкіметінің денсаулық ісі», «Әлеумет науқастары», «Қазаққа денсаулық керек» т.б. Денсаулық сақтау жұмысын жан-жақты көтеруде басылымның басқарушысынан бастап белсенді автор, тілшілердің барлығы да атсалысқан.

«Қазақ тілі» газетінің қомақты қозғаған тақырыбы әйел теңдігі мәселесі. Сол кездегі қазақ әйелдері мен қыз балаларының өмірін өткір жазған мақалалар газетінің әрбір кезекті санында жарияланып тұрды. Бұл мәселеге Ж. Аймауытов, С. Дөнентаев, Ғ. Сұлтанов, Ғ. Ғабдоллина, Б. Далдабайқызы сияқты қаламгерлер айрықша мән берді. Қазақ әйелдері мен қыз балаларының өмірін жазған және оларды өнер білімге, еңбекке шақырған «Октябрь төңкерісі хәм қазақ әйелдері», «Әйел мәселесі хақында», «Қалың малды жоғалту туралы», «Жас қыздарға» атты мақалалар «Қазақ тілінде» басылды.

Жастар мәселесі «Қазақ тілінің» тұрақты тақырыбына айналды. 1923 жылдан бастап басылымда «Еңбекшіл жас» деген арнайы жастар беті ашылады. Мұндағы мақсат қаладағы және

қырдағы қазақ жастарын білім-ғылымға шақыру мен басылым ісіне баулу. «Еңбекшіл жас» бетін шығарушылар Мұсатай Ақынжанов, Саки Бейсебаев болды.

Басылымда «Ішкі хабарлар», «Сыртқы хабарлар», «Әйелдер мәселесі», «Одан-бұдан», «Шаруа жайынан», «Басқармадан жауап», «Денсаулық майданы», «Оқу майданы», «Ел жайынан әр түрлі хаттар», «Жастар тіршілігі», «Кооперация жайынан» сияқты тұрақты айдарлар болды. Бұл айдарлармен ұдайы тиісті материалдар, хабарлар жарық көріп тұрды.

«Қазақ тілі» газетінде халық ағарту ісін өркендету, денсаулық сақтау ісін ілгерілету, ауыл шаруашылығын қалпына келтіру, ірі өнеркәсіпті дамыту сияқты ірі мәселелер қозғалды. Газетте ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудағы халықсауатын ашу, халықты ілім-білім мәдениет жолына түсіру, ұлт мектебі арқылы жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру сынды маңызды міндеттер көтерілді. Сондай-ақ білім, ғылым жаңалықтарын жеткізіп, қазақ ағартушыларының озық ойларын халық арасына насихаттап отырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Семей таңы, 1989 ж. №229 (16129), -1-желтоқсан, -3-4 б.б.
2. Бұл күнгі зор міндет. Қазақ тілі, 1920 ж. №112, -31-желтоқсан
3. Еңбекшіл көзін ашсын. Қазақ тілі, 1921ж. №150, -12-қараша
4. Октябрь төңкерісі һәм оқу. Қазақ тілі, 1921ж. №149, -7-қараша
5. Сайлаубаева Н. Тарих ғылымдарының кандидатығылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Семей: -2010ж. -62-б.
6. Қазақ тілі орнын алсын. Қазақ тілі, 1921ж.-11-тамыз
7. Тұрғанбаев Мәннан. Қазақ, құқыңа ие бол! Қазақ тілі, 1921 ж.-5-қыркүйек

Paidalanilgan adebyetter tizimi

1. Semey tany, 1989 j. №229 (16129), -1-jeltokhsan, -3-4 b.b.
2. Bulkungizormindet.Kazakh tili, 1920 j. №112, -31-jeltokhsan
3. Enbekshylkozinasyn.Kazakh tili, 1921j. №150, -12-kharasha
4. Oktyabr tonkerisi ham okhu. Kazakh tili, 1921j. №149, -7-kharasha
5. Sailaubayeva N.Tarih gilimdarinin kandidaty gilimi darejesin alu ushin daindalgan dissertasia. – Semey: -2010 j. -62-b.
6. Kazakh tili ornin alsyn. Kazakh tili, 1921j. -11-tamiz
7. TurganbayevMannan. Kazakh, kukhina ie bol! Kazakh tili, 1921 j. -5-khirkuek